

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі N 688 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы N 89 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 970 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 970 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Халықаралық қаржылық қоғамдастықпен өзара іс-қимылды жақсарту жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі N 688 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Халықаралық қаржылық қоғамдастықпен өзара іс-қимылды жақсарту жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Әбішев Ғалым Михайлұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің к е ң е с ш і с і ;

Баталов Асқар Болатұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің жауапты хатшысы;

Смайылов Әлихан Асханұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы в и ц е - м и н и с т р і ;

Ділімбетова Гүлнәр Аманқұлқызы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі;

Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы;

Ашықбаев Ержан Нығматоллаұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитетінің төрағасы;

көрсетілген құрамнан Әлмәмбетов Әлімжан Әмірханұлы, Ерғожин Дәулет Е д і л ұ л ы ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*